

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

### *Күші жойғал*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсан N 1759 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен ( P050124)

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласын басқарудың құрылымын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1033 қаулысындағы 6-тармақтың үшінші абзацының күші 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап жойылған деп танылсын;

"Тұрғын үйді ұстау мен тұрғын үй-коммуналдық қызметін көрсетуге ақы төлеудің жаңа принциптеріне көшу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 сәуірдегі N 437 қаулысының 7-тармағындағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 16, 131-құжат) "заңда белгіленген тәртіпте белгілі бір елді мекен үшін бекітілген бірыңғай ставкалар, тарифтер және нормативтер бойынша" деген сөздер "заңда белгіленген тәртіпте бекітілген бірыңғай ставкалар, тарифтер және нормативтер бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*бірінші орынбасары*